

Банктік емес сектордың 2011 жылғы 1 маусымдағы ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 16 ұйым, оның ішінде 6 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы Наименование организаций	01.01.2011	01.06.2011
1	Ипотекалық ұйымдар	6	6
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	9	10
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	2	2
	Жиынтығы	15	16


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. Ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 121,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 1,6 млрд. теңгеге немесе 1,3%-ға аз.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 61,5%-ды (74,5 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 18,7% (22,7 млрд. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 5,9% (7,1 млрд. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға – 12,2% (14,8 млрд. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы Динамика и структура совокупных активов ипотечных организаций	01.01.2011		01.06.2011		Өсім, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	
Қолма-қол ақша	0,9	0,8	0,9	0,7	-
Корреспонденттік шоттар	13,9	11,3	7,1	5,9	-48,9
Бағалы қағаздар	23,0	18,7	22,7	18,7	-1,3
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	6,3	5,1	14,8	12,2	2,3 есе
Клиенттерге берілген заемдар	76,8	62,6	74,5	61,5	-3,0
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,2	3,4	3,7	3,1	-11,9
Клиенттерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-7,8	-6,4	-8,6	-7,1	10,3
асқа активтер	5,5	4,5	6,1	5,0	10,9
Барлығы активтер	122,8	100	121,2	100	-1,3

01.01.2011 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.06.2011 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 74,5 млрд. теңгені құрады, бұл ағымдағы жылдың басындағы көрсеткіштен 2,3 млрд. теңгеге немесе 3%-ға төмен.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдайтын болсақ, стандартты кредиттердің үлесі азайғаны байқалады. Мәселен, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 82,7%, ал 2011 жылғы 1 маусымда – 79,6% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 8,8%-дан 11,5%-ға дейін ұлғайды. Үмітсіз заемдардың үлесі есепті күнге 8,9%-ды құрағанын атап айтқан жөн.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2011		01.06.2011	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге сумма осн. долга, млрд. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	76,8	100	74,5	100
Стандартты	63,5	82,7	59,3	79,6
Күмәнді	6,8	8,8	8,6	11,5
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,8	1,0	2,1	2,8
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	2,3	3,0	1,2	1,6
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,3	0,4	0,9	1,2
<i>4-санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3,0	3,9	2,6	3,5
<i>5-санатты күмәнді</i>	0,4	0,5	1,8	2,4
Үмітсіз	6,5	8,5	6,6	8,9

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңге




2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске мыналар ие болды: «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ – 81,3% және «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ – 17%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2011 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 1 млрд. теңгеге немесе 1,1%-ға азайып және 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 90,5 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (64,2%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2011		01.06.2011		Өсім %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар	24,7	27,0	24,4	27,0	-1,2
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	60,9	66,6	58,1	64,2	-4,6
Басқа кредиторлар	4,7	5,1	5,1	5,6	8,5
Басқа міндеттемелер	1,2	1,3	2,9	3,2	2,4 есе
Міндеттемелердің барлығы	91,5	100	90,5	100	-1,1

01.01.2011 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.06.2011 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)




Кірістілік. Ипотекалық ұйымдар 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 1 млрд. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 6,3 млрд. теңге (2010 жылғы 1 маусымда – 6,5 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 7,3 млрд. теңге (2010 жылғы 1 маусымда – 5,8 млрд. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.06.2010	01.06.2011	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	4,5	4,1	-8,9
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	3,3	3,9	18,2
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	2,0	2,2	10,0
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	2,5	3,4	36,0

Пайыздық кірістер құрылымында банктің клиенттерге қоятын талаптары бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (47,6% немесе 3 млрд. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (42,5% немесе 3,1 млрд. теңге) ең көп орын алады.

Бөлінбеген таза кіріс (шығын), млрд. теңгемен



Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 30,7 млрд. теңге болды, бұл 2011 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 0,6 млн. теңгеге аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2011	01.06.2011
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңгемен	39,7	39,8
Есептелген меншікті капитал, млн. теңгемен	31,3	30,7
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,259	0,256
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	0,316	0,281
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	0,307	0,275